

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбында дайындалған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Бекіш Азамат Әбділқайылының жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс <i>ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес.</i> Бүгінгі ұсынылып отырған ғылыми - зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан туындаған көкейкесті тақырыптардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: сонымен қатар, отандық білім жүйесін реформалау мен жетілдірудің басқа директивтік – нормативтік құжаттарында оқушыларға сапалы білім беру міндеті алдыңғы қатардағы мәселе ретінде белгіленген. Қазіргі таңда, білім беру жүйесінің барлық сатыларында, әсіресе оның негізгі буыны жалпы білім беретін мектептерде білімнің сапасын көтеру – Қазақстанның білім саласының дамуындағы жаңа кезең деп қарастыруға болады. Егеменді еліміздің бүгінгі күн талаптарына сай, пайдалануға қолайлы жағдай тудырып отыр. Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста, бізге дейінгі жұмыстарда лицей мен гимназиялар мазмұндық құрылымына байланысты, нақты бағыттық жүйелеген жұмыстардың әліде болса, толық еместігі орын алуда. Бірақ, Қазақстандағы лицей және гимназиялар, ұлттық мектептер т.б. қалыптасуы мен дамуы жайында орындалған зерттеушілік жұмыстар бар. Қазақстандағы мектеп жүйесі мен оның типтері жайында отандық зерттеулерде

		олардың қалыптасуы мен дамуын жалпы қазақ білім беру жүйесінің тарихын түсіну аясында қарастырылады. 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР «Білім беру туралы» жаңа Заңы /1999 ж. 7 маусымда қабылданған/ осы Заңға сәйкес бұрынғы талаптық-құқықтық ережелер негізі жаңартылып, мемлекеттік «Білім» бағдарламасы білім беру жүйесін реформалауды қазіргі эконикалық, әлеуметтік және саяси жағдайға сәйкестендіруі мен ҚР гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелері /Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жинағы, 2004/ 1992, 1999, 2007 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарың толықтырулары мен ерекшеліктеріне мән бере отырып, әлеуметтік және педагогикалық тәжірибеде орын алуы мен қажеттіліктерінің мәніне тоқталған. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша, қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы (2019.30.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР білім және ғылым министрлігінің м. а. 2012ж. 27.04. № 194 бұйрығымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ тәжірибесін енгізу бойынша базалық білім беру ұйымдарының қызмет ету қағидалары; «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы. т.б. мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, диссертант тақырыпқа сәйкес өткен мемлекеттік құрылымдағы тарихи және қазіргі білім беруді жүзеге асыруға бағытталаған түрлі құқықтық-
--	--	--

			талаптық ережелерді, нұсқаулықтарды т.б. құжаттарға кеңінен талдаулар жасағандығы сәйкестікке негіз бола алады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының көрінісі. Отандық білім беру жүйесіндегі мектеп құрлысының даму тарихы мен құрылымдық типіне қарай мазмұндық ерекшеліктеріне мән беріп, олардың дамуы мен бүгінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық үдерісте оқушы тұлғасының дамуына негіз бола алады. Педагогикалық тәжірибелерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдап, жүйелеп қажеттілігін аша отырып, ақиқаттық көзқарастарды қалыптастыруды жүзеге асырудағы негіздемелі сәйкестікті білдіреді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12.2019 ж., ҚР Үкіметінің № 988 қаулысында. 2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы, педагог қызметіне қатысты кәсіби іс-әрекеттерінде лицей-гимназиялардың оқу-тәрбие үдерісін жүргізілуі, олардың өзіндік мазмұндық құрылымын ерекшеліктерін басшылыққа алу қажеттілігі, педагогтың кәсіптік міндеттемелерін талдау жасау арқылы сәйкестік ретінде мәнге ие болады.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да жақсы ашылған. Себебі, Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбына дайындалған. Дегенмен де,

			Қазақстанның білім беру саласындағы лицей мен гимназиялардың тарихи тәжірибесін пайдаланып, іздеу қажеттілігі мен оны талдаудың жеткіліксіздігі арасындағы қарама - қайшылық біздің зерттеуіміздің мәселесін айқындады; - КСРО құрамында және Егемен Қазақстан кезеңіндегі лицейлік пен гимназиялық білім беруді ұйымдастырудың, дамытудың негізгі тарихи-педагогикалық алғышарттары мен ерекшеліктерінің, лицей мен гимназиялардағы оқу-тәрбие жұмысының педагогикалық тәжірибелік жүйе ретінде орын алу мәселесін талдау, оң бағасын беру заманауи қажеттіліктен туады; - 1987-1991 жылдардағы Қазақстандағы лицей мен гимназия типіндегі мектептер жүйесіне ғылыми педагогикалық және тарихи-тәжірибелік тұрғысынан сипаттамалар жасау; - Қазақ лицей-гимназияларының қалыптасу үдерісін талдау, білім беру үдерісінің негізін құрайтын құндылық бағдарын ашу; - Оқу кезеңіндегі оқытушылар құрамы мен білім алушы оқушылардың құрамына сапалы сипаттама берілмеуі тағы басқалар арасындағы қарамақайшылықтар орын алуда. Демек, аталмыш мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның білім беру тарихында бізге дейін ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі түрде зерделеніп, талданбау арасында жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды жою үшін және педагогика тарихын жүйелеп, толықтыру мақсатында, біз диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017 ж.ж. материалдар негізінде) деп алуымызға негіз болды.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа;	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу <i>деңгейі жоғары</i> екендігі:

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	1) 2018 жылдан бастап халықаралық деңгейде конференция материалдарының жинақтарына; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған 10 ғылыми еңбектерінің жарияланып, оларда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі 2) Диссертация зерттеу базасы ретінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің және Қайнар академиясының студенттердің жалпы саны - 173 құрайды, ал соңғы нәтиже пайызы болып табылады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, Д.А. Абилов қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері <i>ішкі бірлікке негізделіп</i> , орындалған. Зерттеу негізгі қағидалары, ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i> . Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген Диссертация кіріспеден, екі тараудан, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ;	1. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның білім беру тарихында бізге дейін ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	түрде зерделенді. Талданбау арасында жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды жою үшін және педагогика тарихын жүйелеп, толықтыру мақсатында, біз диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017 ж.ж. материалдар негізінде) деп алуымызға негіз болды.
		4.4.Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан.</i> «Егеменді Қазақстанда лицей мен гимназиялар жүйесіндегі мекемелердің құруының тарихи-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда Қазақстанда лицей – гимназияның білім беру мекемелерін құрылуының қоғамдық әлуметтік сипаты. Лицей мен гимназияларының білім беру жүйесінде құрылуының тарихи – педагогикалық аспектілігі. Лицей – гимназиялар типіндегі білім беру мекемелерін құрылу моделі көрсетілген. «Қазақстандағы лицей мен гимназия типіндегі білім беру мекемелерінде, педагогиканың үдерісті ұйымдастырудың тәжірбиелік жолдары» атты екінші тарауында, Лицей мен гимназия типіндегі білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың бағыттары, тәжірбиелері және Лицей мен гимназия типіндегі білім мен тәрбие беру мекемелерінің мазмұндық жүйесінің бүгінгі күнмен сабақтастығы. Зерттеу жұмысы бойынша Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017 ж.ж.) атты элективті курсты жүргізу және эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері берілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып	Автор тақырыпты зерттеу барысында Егер, 1987-2017 жылдар аралығында Қазақстандағы білім беру саласындағы лицей - гимназиялар типіндегі мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихын жүйелеудің ғылыми-

		бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	педагогикалық негізін ашуға мүмкіндік жасалса, онда білім беру тарихындағы осы типтегі мектептердің педагогикалық үдерісі жайындағы теориялық және тәжірибелік білімдерді толықтаруға негіз болады, бұл өз кезегінде қазіргі лицей мен гимназиялардағы педагогикалық үдерісті заман талабына сәйкес, дамытуға байланысты озық педагогикалық көзқарасты пікірлерді растайды. Зерттеліп отырған мәселе бойынша, даму бағдарын анықтауға бағытталған мақсаты бере отырып, Қазақстандағы мектептер оның типтеріне қатысты тарихи білімдерді толықтыруға бағытталған болжамның дұрыстығын негіздейді. <i>Сыни талдау жасалған.</i> Осы ретте, сыни тұрғыдан ойлау, командалық жұмыс, креативтілік және коммуникация сынды қасиеттерге негізделіп жасалған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Өйткені, ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар толығымен жаңа</i> болып табылады. Қазақстандық білім беру тарихының даму үрдісінде еліміздегі жинақталған отандық педагогикалық тәжірибелік жұмыстарды, соның ішіндегі 1987-2017 жылдарындағы білім беру жүйесінде лицей және гимназиялар типіндегі мектептердің дамуын зерттеп, қорытындылау және бағалау, бүгінгі және келешек мектептер жүйесінің, құрылымдық жүйесінің дамуына өзек ету.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның тұжырымдары <i>толығымен жаңа</i> . Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары, Қазақстандағы 1987-1991 жылдар аралығындағы лицей-гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуы бағыттарына тарихи-педагогикалық сипаттамалар берілген. Заңдық - құқықтық ережелер түріндегі құжаттарға сүйену барысындағы деректердің теориялық тұрғыдан талданған. Зерттеу жұмысының қорытындысы, ЖОО-да педагогикалық

			мамандықтардың оқу-тәрбие барысындағы педагогика тарихы, Отандық білім беру тарихы курстарының теориялық білімдерін толықтырылуы мен енгізілуі қамтамасыз етіледі.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>жаңа және толығымен негізделген</i> . Докторант барлық методикалық әдістерді қолданған. Гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуді ұйымдастырған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда, ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды <i>дәлелдемелерде негізделіп, диссертант</i> негізгі нәтижелерін 10 мақалада жариялаған. Соның ішінде, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 5 Халықаралық ғылыми – практикалық конференциялар (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 4), 1 Республикалық ғылыми - практикалық конференциялар жарияланған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә;	7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар <i>дәлелденген</i> . 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар <i>тривиалды емес</i> . 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.4. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық және республикалық конференцияларда, журналдарда ғылыми

		2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	мақалалары жарияланған.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған. Зерттеу аумағына енетін кезеңдегі білім тарихына қатысты тарихи-педагогикалық еңбектерге, заңды-құқықтық, ережелік құжаттарын салыстырмалы-тарихи талдау, зерттелетін тақырып бойынша деректерді логикалық-тарихи, теориялық және жүйелік талдау, сұрыптау, жалпылау, саралау және жалпы зерттеу нәтижелерін қорыту, бағалау.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. 1987-2017 жылдар арлығындағы лицей және гимназиялар типіндегі мектептердегі педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын анықтауға бағытталған «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы» (1987-2017 жж.) элективті курс және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және элективті курсты оқытудың қажеттілігін тәжірибелік жұмыстары арқылы дәлелдеу және расталған. Жеке тұлғаны, білім жүйесінде қайта құру, модернизация дамыту мен қалыптастыру жайлы тарихи

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	диалектикалық даму заңдылықтары, тарихи педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі ақиқаттық пен шындық, тарихи жүйелілікті сабақтастыру.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 209 Отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының тақырып бойынша шолу берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар, Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы төмендегідей көрініс тапқан: - Лицей және гимназиялардың білім беру тарихын яғни ұлттық мекептерді қалыптастыру аясында Отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерімен, ұлт-зиялылардың көзқарастық пікірлерімен салыстыра отырып, теориялық талдау жасап, кешенді зерттеулерді жүргізу арқылы диссертант жеке өзіндік анықтама беруі бірінші нәтиженің жаңалығы бола алады; - Лицей және гимназиялардың білім беру оқу бағдарламалары мен жоспарлары, мектептердің қалыптасуы мен дамуы және түрлі типтегі мектептердің өзіндік ерекшеліктері, мазмұндық құрылымдық педагогикалық жүйесін мен мектептердегі оқытылатын пәндері айқындалып, екінші

			нәтиженің жаңалығы болып табылады; - Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде болашақ педагогтардың Қазақстандағы лицей және гимназия мектептердің даму тарихындағы (1987-2017) озық, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді игерту және меңгерген білімдерін бүгінгі ұлттық мектептерді құру, ондағы берілетін білім мазмұнын, жаңартылған білім беру жүйесіндегі мектеп құрылысын анықтау мен әлемдік білім беру кеңістігіне енуде, өзіндік ерекшелігі мен құзырлығын анықтау талаптарына сәйкес элективті курстан енгізіп, ЖОО орындарында элективті курс бағдарламасын жүргізу төртінші нәтиженің жаңалығына дәлел бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы</i> бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қазақстандағы 1987-1991 жылдар мен 1991-2017 жылдардағы Егемен мемлекетімізді алғашқы ширегіндегі білім беру жүйесінің өтпелі кезеңдеріндегі лицей мен гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысты білім беру тарихы жайындағы оқу, білім беру, зерттеушілік т.б.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары.

Қорытындылай келе, диссертацияға жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстар айтуға болады:

1. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі лицей немесе гимназия сыныптарының ашылуы педагогикалық тәжірибеде қаншалықты тиімді екендігіне ашып берген дұрыс болар еді.

2. Диссертациялық жұмыста көрсетілген кезеңдердегі пайда болған немесе қалыптасқа лицей және гимназия типіндегі мектептердің мазмұндық құрылымдарының әр түрлілігінің орын алу мен педагогикалық тәжірибенің бір жүйеде болмауының себептерін кеңінен ашып көрсеткенде дұрыс болар еді.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірілмейді және *академиялық адалдық принциптеріне сәйкес* деп бағалаймын.

Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Қорыта айтқанда, Абиров Данияр Акпаровичтің 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент,
ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
жас мемлекеттік қызметшілерге
тұрмыстық қызмет көрсету бөлімі
басшысының орынбасары,
PhD докторы

А.Ә.Бекіш

